

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

№1 педагогикалық кеңес шешімімен  
"Бекітілді"

Бөбекжай- бақша директоры

 С.Ж.Жанекешова

№6 «Балбөбек» мектепалды даярлық тобының  
«Математика әлемінде»  
вариативтік компонент  
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

2020-2021 оқу жылы

## Түсінік хат

Мектепке дейінгі ересектер тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларда балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған.

Балалар мектеп табалдырығын аттайтын кезеңге қарай жиын мен сан, пішін мен шама туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс.

Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру , тиісті амалдарды меңгеру ересектер тобындағы балалардың көрнекті – бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін , ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор.

Вариативтік компонент ересектер топтарындағы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін қажет.

Вариативтік компонентте кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, қазақ халқында жиі қолданылатын сандар, сандар қатары, математикалық ертегі логикалық тапсырмалар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, шамалар, есептер және геометрия элементтері де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады.

Вариативтік компонент аптасына 1 сағат , барлығы 36 сағатқа арналған. Вариативтік компонент балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

### **«Математика әлемі» вариативтік компоненттің мақсаты:**

- Вариативтік компонентте балалардың математикалық сауаттылығын арттыру;
- Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту.
- Баланың ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;
- Меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

### **«Математика әлемі» вариативтік компоненттің міндеттері:**

- Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;
- Математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;
- Баланың өмір сүруіне және болашақта мектепте қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

**«Математика әлемі» вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.**